



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

• 7М011 – ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ	Негізгі және қосымша білім беру бағдарламасын, білім беру ортасына психологиялық сараптама жүргізу және пед. Үрдіс субъектілеріне кеңес беруді жүзеге асыру үшін психологиялық-педагогикалық және әдістемелік қолдау көрсететін; білім алушылардың психикалық-физиологиялық және эмоционалдық мінездеріне байланысты олардың жеке білім траекториясын жобалауға дайын педагогика және психология магистрін дайындау.
КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ	Оқу-тәрбие қызметін жүргізуге, мониторинг жасау мен бақылауға байланысты білім беру ұйымдары.

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

ОН1 –қазіргі білім беру парадигмасы мәнмәтінінде философиялық, психологиялық-педагогикалық ғылымның тұжырымдамалық ережелерін; білім ортасын зерттеу принциптері мен әдістерін меңгереді

ОН2 –зерттеу әдістерінің кешенін қолдану; білім алушыларға мониторинг жүргізу және диагностикалау арқылы психологиялық-педагогикалық білім саласындағы ғылыми зерттеулер нәтижелерін жүйелей және қорытындылай алады

ОН3 –білім беру үрдісіне оның барлық сатыларында психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуді жүзеге асырады; педагогтардың білім алушылармен және білім алушылардың өзара тиімді оқу бойынша өзара әрекеттерін ұйымдастыру жұмыстарын меңгереді

ОН4 –дидактика, кәсіби коммуникацияның классикалық ережелерін және білім алушылардың психологиялық-педагогикалық қажеттіліктерін ескере отырып, оқу сабақтарын өз бетімен құрылымдайды

ОН5 – оқу ортасында академиялық және кәсіби мақсаттар, білім беру бағдарламалары мен білім алушылардың жеке білім маршруттарын жобалау үшін қолданылатын шет тілінде білімін қолданады

ОН6 –басқару жүйесінің бар мүмкіндіктерін пайдаланады және білім сапасын қамтамасыз ету үшін оны байыту мен дамыту жолдарын жобалайды

ОН7 –білім беру үрдісі қатысушыларымен және әлеуметтік серіктестермен өзара әрекет етеді, әлеуметтік, этноконфессионалдық және мәдени айырмашылықтарды толерантты қабылдай отырып, ұжымды басқарады

ОН8 –білім беру қызметін жобалау мен білім беру ортасын сараптамылық бағалауда, оқу-тәрбие қызметін әдістемелік қамтамасыз етуде заманауи инновациялық, ақпараттық-коммуникативтік әдістер мен технологияларды пайдаланады

ОН9 –білім алушыларға, педагогтарға, ата-аналарға кәсіби өзін-өзі анықтау, тұлғалық мәселелер бойынша жеке және топтық кеңестер береді

ОН10 –білім алушылардың психикалық даму заңдылықтары мен олардың ең жақын даму аймақтарын ескере отырып, білім беру қатынастары қатысушыларының өзара әрекеті мен қызметін ұйымдастырады

ОН11 –білім беру қатынастары қатысушыларына психологиялық-педагогикалық ағарту міндеттерін шешу барысында психологиялық-педагогикалық білімі мен нормативтік құқықтық актілері бойынша білімін қолданады

ОН12 –білім алушылардың зияткерлік, эмоционалдық ерік саласын, танымдық үрдістерін дамытуға, қауіптенуді тоқтатуға және қарым-қатынас саласында мәселелерді шешуге бағытталған түзету-дамыту процедураларының әдістемесін әзірлейді